ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

04 мамыр 2024 жыл №2713-24-00-2/753 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Р.Есжанов
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Шыңғырлау аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ASYL MURA» Ахмолдина Сымбат Муратовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) келісім шартты бұзу

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ASYL MURA» Ахмолдина Сымбат Муратовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюдың келісім шартты бұзу бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жеке кәсіпкер «ASYL MURA» Ахмолдина Сымбат Муратовнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық

соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Есжанов С.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 04.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.06.2024, судья Бекенов Е. Р., 19.06.2024

2713-24-3-1/766